

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№2 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/SKTF9148>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/NLPC5451>

***Л. Ә. Еспекова**

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Қазақстан Республикасы, Астана қ.

*e-mail: Espekova@bk.ru

ХОТОН ТІЛІНДЕГІ ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАР ҚҰРАМЫ

Мақалада түркі тіліне жататын хотон тіліндегі дауысты дыбыстардың құрамы сөз болады. Хотон тілі жойылып кеткен тілдер қатарын құрайды. Хотон тіліне қатысты зерттеушілердің тұжырымдарын талдай отырып, оның қазіргі түркі тілдерімен, оның ішінде қазақ, қырғыз тілдерімен байланысын саралайды. Талдау барысында түркі халықтарына тән элементтердің сақталуы байқалады. Зерттеу нысаны ретінде хотон тіліндегі дауысты дыбыстар саны, сапасы, құрамы алынды. Жұмыстың мақсаты түркі тілдер тобына жататын жойылып кеткен хотон тілінің дыбыстық жүйесіне талдау жасау болып табылады. Кез келген тілдің лексикалық, грамматикалық ерекшеліктерін айқындау үшін, ең алдымен, сол тілдің дыбыстық құрамын, олардың пайда болу, өзгеру сырларын білу қажет. Дыбыстық өзгерістерді зерделеу барысында гана, тілдің ішкі заңдылықтарын, туыстық байланыстарын анықтай аламыз. Сондықтан хотон тілінің ерекшелігін айқындауда дыбыстардың құрамын, түрлерін, жасалуын айқындау маңызды.

Зерттеу барысында хотон тілінің дыбыстық жүйесінің қазіргі қазақ, қырғыз тілдерімен жақындықтары айқындалды. Хотон тіліндегі жалаң дауыстылар мен созылықты дауыстылардың ерекшеліктері анықталды. Қазақ тіліндегі, қырғыз тіліндегі материалдарға сүйене отырып, хотон тілінің айырмашылығы, ерекшелігі, дыбыстық сәйкестіктер сараланды. Хотон тіліндегі созылма дауыстылардың сөз ішінде қолданылу сипаты, пайда болу жолдары нақты тілдік деректер негізінде талданды. Хотон тіліндегі дауысты дыбыстардың тілдің, жақтың, ерінінің қатысына қарай жасалу жолдарына сипаттама берілді.

Кілтті сөздер: түркі тілі, хотон тілі, қазақ тілі, қырғыз тілі, дауысты дыбыстар, созылықты дауыстылар, қысқа дауыстылар

Кіріспе

Түркі тіліне жататын хотон тілінің дыбыстық жүйесінің ерекшеліктерін айқындау бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің қатарына жатады. Себебі хотон тілі жойылып кеткен тілдер қатарын құрайды. Г. Н. Потанин хотондардың тіліне, аңыздарына және наным-сеніміне қатысты жазбаларында бұл топтың қалыптасуында Шығыс Түркістан ұйғырлары мен қырғыздарын атап өтеді [1,181-б.]. Сонымен қатар А. Н. Самойлович те хотон тілінде «қырғыз» элементі күшті байқалатынын атайды. А. Н. Самойлович ортаазиялық хотондар этникалық тобының шығу тегі туралы мәселеде Б. Я. Владимирцовтың пікірімен сәйкес келетін маңызды қорытындыға келеді. Б. Владимирцов хотондардың әдет-ғұрыптарын сипаттай отырып, бұл халықтың моңғолдардың ықпалында болғанын, бірақ хотондар өздерін қырғыздармен туысқан халық санайтынын атап өтеді [2, 181-б.]. А. М. Щербак та хотон тіліне моңғолдардың ықпалы күшті болғанын көрсетеді [3, 178-б.].

Хотон тілінің дыбыстық жүйесіне талдау жасау барысында, оның қырғыз тілімен, қазақ тілімен жанасатын тұстарын кездестіреміз. Әсіресе қырғыз тіліне өте жақын екеніндігін көреміз. Бұл жақындықты дауысты дыбыстардың санын, сапасын анықтауда да байқауға болады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу барысында отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері басшылыққа алынды. Мақалада жинақтау, сипаттау, талдау, саралау әдістері, сонымен қатар хотон тіліндегі дауысты дыбыстар құрамын айқындауда салыстыру әдісі пайдаланылды.

Нәтижелер мен талқылау

Хотон тілінде дауысты дыбыстар қатарын екіге бөліп қарастыруға болады: бірінші тобына қысқа дауыстылар (А, Ә, Ы, І, Ө, О, Е, Ү, У, И, Э) жатса, екінші тобына қайталама дыбыстан тұратын дауыстылар (АА, ЭЭ, ОО, ӨӨ, УУ, ҮҮ) жатады. Жалпы дауыстыларды бұлай топтау қырғыз тіліне тән болып келеді. Т. Садыков, К. Токтоналиевтің «Азыркы қырғыз тили: фонетика жана фонология» деген еңбекте: «Қырғыз тилтанымында қалыпташқан салттуу көзқараш боюнча, қырғыз адабий тилиндеги үндүүлөрдүн қурамы 14 тыбышты ичине қамтыйт. Алар төмөнкүлөр: (1) а, е, о, ө, ы, и, у, ү; (2) аа, ээ, оо, өө, уу, үү» деп жіктейді [4,74-б.]. Қырғыз зерттеушілері бірінші топтағы дауыстыларды «қысқа үнділер» десе, екінші топтағы дауыстыларды «созылма үнділер» деп қарастырады. Осы еңбекте кейбір қырғыз зерттеушілері бұл «созылма үнділерді» бір дыбыстың тіркесі деп те беретінін айтады.

Жалпы созылмалы дауыстылар қырғыз, түрікмен, ұйғыр, саха (якут), тува, алтай, хакас, гагауз, өзбек тілдерінде және түрік тілдерінің кейбір диалектілерінде кездеседі. Зерттеуші Б.М. Юнусалиевтің айтуы бойынша,

тарихи тұрғыдан алғанда, алдымен езулік созылыңқы дауыстылар, соңынан еріндік созылыңқы дауыстылар пайда болған деген пікір айтады [5,26-6.].

Хотон тілінің жоғарыда берілген жіктелім кестесінде қырғыз тілінде кездеспейтін **Ә, І** дыбыстары да бар. Хотон тіліндегі дауыстылар қатарын айқындау мақсатында әр дауысты дыбыстың қолданылу ерекшелігіне тоқтап көрейік.

[А] фонемасы барлық түркі тілдерінде кездесетін көне фонемалардың қатарына жатады. Түркі тілінде [А] жуан фонема ретінде қарастырылады. Бұл тілдің артқа қарай тартылуы негізінде жасалады. Хотон тіліндегі [а] дыбысы да жуан дауысты дыбыс, ол сөздің басында, ортасында, аяғында да кездеседі: ағачь, арчань (арша), алыб (алып), аркарь (арқар), Алда (Алла), мараль (марал), гаргай (қарағай), тамырдай, гамчак (қамшы), паш (бас), булбаг (мата), чагарман (ер бала), малгай (малақай), гульджа (құлжа). Сонымен қатар [а] дыбысының ашық дауысты екені де күмән туғызбайды, бұл жақтың кең ашылып, тілдің төмен түсуі арқылы жасалады. Қырғыз зерттеушілері [а] дыбысын «қысқа, кең, ачық, жоон үндүү» деп қарастырады [4,20-6.]. Хотон тіліндегі [А] фонемасы жуан, ашық, езулік дауыстылар қатарын құрайды. Бұл қазақ тіліндегі дауысты [а] фонемасының ерекшелігіне де толық сай келеді.

Сонымен қатар хотон тілінде сөз ішінде қайталама **[АА] дыбысының** келуі жиі кездеседі. Бұндай дыбыстық қолданыстар түркі тілдерінің ішінде қырғыз тілінде жиі ұшырасады. Қырғыз ғалымдары бұл дыбыстарды «созылма үнділер» деп атайды. «[АА] фонемасы – а тыбышынын созулма жана ээ тыбышынын жоон түгөйү, айтылғанда үн түйүндөрү ыңғалып, өпкөдөн чыгып келатқан аба агымынын таасиринде дирилдетип, толук термелип, таза үндү пайда кылат. Үн түйүндөрү толук термелгендиктен үндүү тыбыш деп табылат» дейді [5, 86-6.]. Хотон тіліндегі қайталама [АА] дыбысы сөздің барлық шенінде кездеседі: аашнаа (келе жатыр), шапаан (терлік), тостааган (тостаған), атааганд (ат, жылқы), чарчаагана (хадаг), ағач арчааганд (орамал), чимчааганд (сүт), баашин (тары сақтайтын балшықтан жасалған ыдыс), агаангас (әке), улмаар (ұл бала), цагмаар (жігіт), араадангас (құтқарындар), тараа (егін), инаа (ана), ваваа (әке), агаа (аға), акаа (ата), кейбір жағдайда қайталама [АА] дыбысы сөздің басы мен аяғында не сөздің ортасы мен аяғында қайталанып қолданылады: аашнаа (келе жатыр), жалгаандаа (бие).

Қайталама [АА] дыбысы [А] дыбысынан созылыңқылығы арқылы ерекшеленеді. Жапаров Ш., Сыдыкова Т. «Азыркы қырғыз тилинин фонетикасы» деген еңбегінде «Созулма үндүүлөр ар дайыма бир тамганын эки ирет кайталанып жазылышы менен мүнөздөлөт жана жазууда аларды ажыратуу мүмкүн эмес. Айтылышы боюнча (кысқа үндүүлөргө караганда) созулма үндүүлөр 1,5-2 эсе узак айтылат» деген пікірді келтіреді [6,17-6.].

Қырғыз тілін зерттеуші шетелдік ғалымдар Nathaniel Ziv Stern және Jonathan North Washington: «we suggest that Kyrgyz long vowels differ from short vowels mainly in duration» деп, қырғыз тіліндегі бір әріптің екі рет қайталануынан жасалған дауыстылардың ұзақ созылып айтылуымен ғана ерекшеленетінін айтап өтеді [7, 86-б.]».

Хотон тілінде [Ө] дауысты дыбысы кездеседі. Бұл дыбыс қолданылу жиілігі жағынан әлсіз. Көбіне сөздің соңғы буынында ұшырасып отырады: жылхэ (жылқы), кічинэ (кішкене), гарэс (қарас, қарасу), гөзэ (көз), кезэл (кездеме), чітэн (бие), чөрчэн (жаулық, орамал) және т.б. Хотон тілі дыбыстық құрамы жағынан қырғыз тіліне жақын болғанымен, қырғыз тілінде [Ө] фонемасы мүлдем кездеспейді. Қазіргі кейбір түркі тілдерінде де [Ө] фонемасы жоқ. Хотон тілінде [Ө] фонемасы қолданылу ерекшелігіне қарай сөздің соңында кездессе, қазақ тілінде көбіне сөздің бірінші буынында қолданылады. Жалпы [Ө] фонемасы айтылуы жағынан [А] фонемасына жақын ашық дыбыс, бірақ тіл алды дауыстысы болып табылады. Яғни «жақтың кең ашылып, тілдің төмен түсуі арқылы жасалады» [8,54-б.]

[Ы] дауысты дыбысы хотон тілінде қолданылу жиілігі жоғары дыбыс, өзге жуан дауыстылармен бірге сөздің барлық шенінде жазылады: сыр (ұрғашы сиыр), йылдыс (жұлдыз), кызыль (қызыл), кызык (қыз), кылғанымга (кылғаным), янгылгань (жаңылған), итымуш (жетпіс), бар ягымь (бар жағым), сууны (суды), таксырь (тақсыр), чагармын улагаа (кенже ұл). Жоғарыда берілген мысалдардан [Ы] фонемасының сөз ішінде тек езулік жуан дыбыстармен айтылу мүмкіндігі зор екенін байқауға болады. Жақтың қатысы жағынан [Ы] фонемасы қысаң дауысты. Қазақ тілінде де, қырғыз тілінде де [Ы] фонемасы қысаң дауыстылар қатарын құрайды.

[И] дыбысы қырғыз тілінде [Ы] дыбысының жіңішке түрі ретінде қарастырылады, ал қазақ тілінде дауысты [И] дыбысы жоқ, ол тек қаріп ретінде қолданылады, ал оның дыбыстық құрамын [ый],[ій] дыбыстық тіркесі береді. Қырғыз тілінде «Сөз башында да, ортосунда да, аяғында да келе берет: ил, ий, бил, тиш, киши, эчки» деп қолданылса [4,85-б.], хотон тілінде де [И] дыбысы сөздің барлық шенінде қолданылады: ик (екі), иты (жеті), ички (ешкі), итымуш (жетпіс), жирэм (жиырма), бири (бір), бадан ниряжь (балаң үйрек), бадан-пирянь (сұқ саусақ), кичкиня (кішкене бөбек), кичкиня бобичек (шынашақ), кокъ чичкань (көк тышқан), жылхэ (жылқы), чимчааганд (сүт), бэши (бес). Хотон тіліндегі езулік [И] дыбысы сөз ішінде көбіне езулік дауыстылармен (ы, а, ә, е) бірге қолданылады әрі бұл дыбыстың да қолданылу жиілігі жоғары. Қырғыз тілінде бұл дыбысты «тар дауысты дыбыс» деп береді.

[О] дыбысы «ө тыбышынын жоон түгөйү, жасалгандаун түйүндөрү толук дирилдеп, үндү пайда кылат. Үн түйүндөрүнүн толук термелиши

жагынан үндүү тыбыш деп табылат. Жаак жартылай кең ачылып, тил төмөн түшөт. Жаак менен тилдин тик абалына жана кууш түгөйү болгон у тыбышынын айтылышына карай кең үндүү деп табылат. Тил артка тартылып, ооз көңдөйүнүн арт жагына жайгашып, жоон айтылат. Эриндер бир аз чормоюңку абалда калат. Эриндин катышына карай эрин үндүү деп табылат» [4, 82-б.]. Хотон тилиндегі [O] дыбысының жасалуы қазақ, кыргыз тилиндегі [O] дыбысына келеді. Бұл дыбыс хотон тилинде де сөздің барлык шенінде ұшырасады: он, оза (ауыз), ота (от), очағ (ошак), отус (отыз), бобичек (бөбешік, кішкене тил), бос (боз), монан (мойын), тоғус (тоғыз), тонег (тон), жогомтой (май), толло (толы), молдо (молда) және т.б. Жоғарыда берілген мысалдардан [O] дыбысының сөздің бірінші буынында жиі кездесетінін және көп жағдайда, қазақ тилиндегі [O] дыбысының сәйкесетінін көруге болады (o~o): қаз. он – хот. он; қаз. от – хот. ота; қаз. тоғыз – хот. тоғус және т.б. [O] дыбысының сөз басында жиі кездесуі түркі тилдерінде, әсіресе, кыргыз тилинде айқын байқалады. Жалпы ерін үндестігі түркі тилдеріне тән негізгі заңдардың бірі болып саналады. Шетел зерттеушісі Korn David өз еңбегінде лабиалды грамонияны, яғни ерін үйлесімін түркі тилдеріне тән заңдардың бірі ретінде атап өтеді [9, 98-б.].

Сонымен қатар сөз ішінде созылық [OO] дыбысы жиі ұшырасады. Ол сөздің бірінші буынында, ортасында, соңғы буында да қолданыла береді: боодог (будак), тоорцог (торсык), тогтоогонд (ағаш кесе (тостаған), гочоогонд (ошак), отоо түнээктээн (100 күндік шай), гортоо (құрт (ірімшік), гош гошмоор (ет), кокрогчоо (көк) тәңірім). Дауысты [OO] дыбысы да сөз ішінде [O] дыбысынан созылықылығымен ерекшеленеді.

[Ө] дыбысы – еріннің сүйірленіп айтылуы негізінде жасалатын еріндік дауысты дыбыс. Төменде берілген мысалдарынан хотон тилиндегі [Ө] дыбысының сөз ішінде үнемі жіңішке дауыстылармен бірінші буында да, сөз ортасында да, сөз соңында да қолданылатынын байқауға болады: бөрь (қасқыр, бөрі), төі (түйе), төрт, гөзэ (көз), гөш (ет), өмэг (шалбар), көгөрөн (кемпір), төрд (төрт), хөмөг (тары сақтайтын тері ыдыс), гөрмөш (қомағай), көктем, сүүмэнд зөвөл (қаймақ), чөлег (шайнек), хөмрүүнд (күміс кесе), төгрөг (теңге), дөңжин (дөнежін), дөнин (дөнен), көгөлжиргин (көгершін), чөмөг (әйел адамның жағасыз шапаны). Яғни [Ө] дыбысы жіңішке, еріндік, ашық дыбыс.

Хотон тилинде қайталама [ӨӨ] дыбысының сөз ішінде қолданылуы да жиі кездеседі: көө (күйе), көөмаз (көмей), көөс көөс (көс-көс), хөмрөөнд (тостаған), көпөөн (кәрі), этик өтөөк (етік). Бұл созылма [өө] дыбысы кыргыз тилинде де жиі ұшырасады: «ө тыбышынын созулма түгөйү жана оо тыбышынын ичке түгөйү, айтылганда үн түйүндөрү толук дирилдеп, үндү пайда қылат» [4, 87-б.]. Сонымен қатар созылық [ӨӨ] дыбысы

кыргыз тилинде де сөздүн басында, ортасында, аягында колданыла береді: өөн, сөөк, жөөк, жөө, төө, көө және т.б. Бұл жайт хотон тилиндегі созылыңкы дауыстылардың кыргыз тилине жакын экендигин таныта түседі.

Хотон тилиндегі жиңишке дауыстылар катарын [Е] дыбысы кұрайды. Кыргыз тилинде [Е] фонемасы «а тыбышынын ичке түгөйү» ретинде карастырылады. Бірақ хотон тилинде [а] дыбысынын жиңишке түрі ретинде [э] дыбысы колданылады. Хотон тилинде [Е] дыбысы сөздін барлық шенинде колданыла береді: елөк, ечиге (ешки), ет (жеті), етмуш (жетпис), есик (есик), енгелме (жеңге), егер (эпке), емпр (кемпир), кебежа (кебеже), йерде (жерді), ер-суу (жер-су), перлэр (пирлер), йер (жер), сегис (сегиз), сегисц (сексен), семез (семиз), элек (тирек, көмек), куперь (күпир), кэлерь (келер), түег (түйе), хүев (күйеу бала), зенсе (жеңге), ачмер (немере), сүезк (сүйек). Сөз ишинде [Е] дыбысы ашык дауыстылармен, кысаң дауыстылармен де араласып колданыла алады.

Хотон тилиндегі кыска дауыстылардың бири – [И] дыбысы. Ол жиңишке, кысаң, езулик дауысты, сөздін барлық шенинде колданыла береді: иш, иштим, кикь (бұғы), тили (тил), кили (киси), йит (ит), кичинэ (кишкене), бичак (пышак), читэн (бие), сегис (сегиз), беші (беси), төи (түйе). Бұл фонема кыргыз тилинде кездеспейди, бірақ казак тилинде жактың «кысаң ашылып, тилдін жоғары көтерілуи аркылы жасалатын» фонема катарына жатады [8,56-6.]. Хотон тилиндегі [и] дыбысы колданылу ерекшелигине карай казак тилине көбирек жакын экенин байкауга болады. Типти кейбир сөздердін жазылуында ешкандай дыбыстык, мағыналык айырмашылык жоқ экенин көремиз: каз. иш – хот. иш; каз. иштим -хот. иштим; каз. тил -хот. тили.

[Э] дыбысы да хотон тилинде колданылу жиилиги жоғары дауыстылардың катарына жатады. Ол сөздін барлық шенинде кездесип отырады: эрди (жерді), эсы (иеси), эчиг (ешки), эгээрд (ер), эрка түевг (еркек түйе (атан), эрка гоёмдаан (еркек кой), эдрэн (тері илейтин ағаш), бэрхлэнгэр (келін), кэмпер (кемпир), хэвг (кебек), хэв (өзен ағатын үлкен арык), тэрлэг (Терлик шапан), цэгдэг (камзол), шевдэ (жейде), элевур (елу), сэнс (үзэнги), нэлкэ (ноқта), аэр (айыр), хүев (күйеу), көмаэ (көмей), көшаэ (көше), өшаэ (өш), хөөэ (ай). Кыргыз тилинде кыска [Э] дауыстылар кұрамында карастырылмайды, оны сөздін басындагы [Е]-ни айту үшін пайдаланатын эрип ретинде береді: «эн[en], эрк [erk], бел, чек, теке, сирке ж.б.» [4,81-6.]. Кыргыз тилинц орфографиялык ережесинде «Кыргыз тилиндеги е тыбышы сөз башында э деп, калган бардык учурда е деп белгиленет. Мисалы: эне, эже, эчки, этиш, эки, эркин, эндик, белек, тилек, береке, кереге, терезе ж.б.» дейди [4, 179-6.]. Хотон тилиндегі [Э] дыбысы да айтылу ерекшелиги жағынан [Е] дыбысына жакын болғанымен, сөздін барлық шенинде де [Э] эрпимен таңбаланады. Казак тилиндегі сөздермен салыстыру барысында да хотон тилиндегі [Э]-нц

қазақ тілінде [Е]-мен алмасатынын байқаймыз: қаз. кемпір – хот. кэмпэр; қаз. ешкі – хот. эчиг және т.б. Хотон тіліндегі [Э]-нің екі тілде де (қазақ, қырғыз) [Е]-мен алмасуы, бұл дыбыстың [Е]-ге жақындығын танытады.

Сонымен қатар хотон тілінде созылыңқы [ЭЭ] дыбысы да жиі ұшырасады: эрээ түеэг (атан), сэрээт (сиыр), эгээнгэс (ана), хэлэнгээр (келін), зээнцэр гоёюс (жиен), тэнгээ (ақша), Эсээ (Есенсіз бе), чэшгээ (әже), шээдээ (жейде), жүрмээ (жиырма), душмээн (дұшпан, жау). Қырғыз ғалымдары созылыңқы [ЭЭ] фонемасын [Е] дыбысының созылыңқы түрі деп береді: «[ээ] фонемасы -е тыбышының созулма түгөйү жана аа тыбышының ичке түгөйү, жасалғанда үн түйүндөрү толук дирилдеп, үндү пайда қылат... Сөз башында да, ортосунда да, аяғында да келе берет: ээн [e:n], ээк [e:k], жээк [ce:k], тээк [te:k], мээ [me:], бээ [be:] ж.б. [5, 87-6.].

Хотон тіліндегі келесі дауысты дыбыс – [У]. Жалпы «[у] дыбысы еріннің сүйірленіп айтылуы негізінде пайда болатын дыбыс. Бұл дыбыс хотон тілінде сөздің барлық шенінде кездесе береді: узунь (ұзын), уркорь (үркер), урту (орта), уру (өру), учь (үш), ушал (осал), усху (сусау), бу (бұл), туз (түз), тур (тұр), узң (ұзын), ују (бұқа, сиыр), буту (аяқ), гурт (құрт), тоуба (тәуба), улангар (ұл бала), вулбааг (белбеу), гульджа (құлжа), булбул (бұлбұл), тульку (түлкі), етмуш (жетпіс). Жоғарыда берілген сөздерде [у] дыбысы тіл үндестігі жағынан жуан дауыстылы сөздерде кездесетінін көруге болады. Қырғыз тілінде «[У] фонемасы – ү тыбышының жоон түгөйү» ретінде қарастырылады [4, 85-6.]. Хотон тілінде [У] дыбысымен қолданылатын сөздердің басым көпшілігі қазақ тіліндегі еріндік [Ү] және [Ү] дыбыстарына сәйкес келеді: қаз. үркер – хот. уркорь, қаз. бұлбұл – хот. булбул, қаз. құрт – хот. гурт және т.б. Сонымен қатар хотон тілінде қайталама [УУ] дыбысы да кездеседі. Бұл созылыңқы дыбыс сөздің барлық шенінде ұшырасады: уул (ұл), ууш гоёмдаан (ұрғашы қой), хуураа (құрғақ), хуух (құйқа), эр-суунын пирляры (Жер-судың пірлері), уч буурган, үр буурган (үш бурхан (құдай), Яннуудам нар араадангас (жер-көк иелерінен), шуудай (қап), каракуул (күйеу бала), арпууз (орамал), яннуудам (жер-су, тау-тас, өзен-көлдің иесі), ясуул (жасауыл), тампуу (үлкен қап), харангуу (қараңғы), Тогоруу (Би аты «Тоғару»), ақ яглуу (ақ орамал). Қырғыз тілінде «[уу] фонемасы -у тыбышының созулма түгөйү жана ү тыбышының жоон түгөйү, жасалғанда үн түйүндөрү толук дирилдеп, үндү пайда қылат» дейді [2, 87-6.]. Яғни қырғыз тілінде [Ү] фонемасының жуан түрі ретінде ([уу]~[ү]) қарастырылады. Хотон тілінде берілген қайталама [уу] көбіне қазақ тіліндегі [ү] фонемасына сәйкесетінін байқауға болады ([уу]~[ү]). Атап айтсақ: хот. [уул] – қаз. [ұл], хот. [хуух] – қаз. [құйқа], хот. [хуураа] – қаз. [құрғақ] және т.б.

Хотон тіліндегі дауыстылардың келесі қатарын жалаң [Ү] дыбысы мен созылыңқы [ҮҮ] дыбысы құрайды. Бұлар еріндік дауыстыларға жатады.

«Еріндік дауыстыларды айтқан кезде, ерін дөңгеленіп сүйірленеді» [10, 37-б.]. Хотон тілінде [Ү] дыбысы сөздің басында, ортасында, соңында да кездесе береді: үзе (үзік), үзүст (сүт), түтүн (темекі, түтін), йүр (жүр), жүгийх (жүген), түег (түйе), күзи (күз), жүрмээ (жиырма), түнтик (үй), шүрд (туырлық), гүрмэл, элевүр эчүв (елу), түз (жүз), кизүй үйе (үй), күркраэх (күркіреу). Сол сияқты созылыңқы [ҮҮ] дыбысы да сөздің барлық шенінде ұшырасып отырады: үүгэр (аман), үүш гоёмдаан (ұрғашы қой), үүг (уык), сүүмэнд (қаймақ), сүүжин (қайыс), гортаа сүүмэндээн (май-қаймақ), сэмүүн (кәмпит), жигүүдээн (жүген), хөмрүүнд (күміс кесе), сэмүүн (шекер), чүчкүү (лақ ұстағанда айтады). Қайталама [ҮҮ] дыбысы жалаң [Ү] дыбысының созылыңқы түрі екенін байқауға болады. Жалпы бұл екі дыбыс түркі тілдерінде жіңішке еріндік дыбыс қатарын құрайды.

Қорытынды

Сонымен хотон тіліндегі дауыстылар қатарын қысқа және созылыңқы дауыстылар құрайды:

- 1) Қысқа дауыстылар: А, Ә, Ы, І, И, Е, Ө, О, Ү, У, Э.
- 2) Созылыңқы дауыстылар: АА, ӨӨ, ОО, УУ, ҮҮ, ЭЭ,

Хотон тіліндегі созылыңқы дауыстылар қатары қырғыз тіліне толық сәйкес келді. Жалпы қырғыз зерттеушілері созылмалы екі дауыстының пайда болуын былай түсіндіреді: біріншіден, «үнсүз тыбыштардың үндүүгө айланышынан улам пайда болгон көрүнүш: $c+v+c \rightarrow суу$; $таг \rightarrow тоо$. Яғни, дауыссыз дыбыстардың дауысты дыбыстарға айналуынан болатын құбылыс деп санаса, екіншіден, «эки үндүүнүн ортосундағы бир үнсүздүн жоюлуп (жутулуп) кетишинен пайда болгон көрүнүш: $c+v+c+v+c \rightarrow cvvc$: сағым \rightarrow саам (бир саам); түрк. йаңак \rightarrow қырг. жаак; түрк. йеген/йегин \rightarrow қырг. жээн; өзб. шахар \rightarrow қырг. шаар» деп көрсетеді. Яғни, бұл жерде екі дауысты дыбыстың арасындағы дауыссыз дыбыстың жойылуынан (жұтылуынан) болатын құбылыс деп есептейді [4, 81-б.]. Жалпы түркі тілдерінде сөз соңындағы [ғ, г] дауыссыздарының түсіп қалуы негізінде екі дауыстының (созылыңқы дауыстының) қатар келуі жиі байқалады.

Хотон тіліндегі [Ө] және [І] қысқа дауыстылар қолданылу жиілігі жағынан, жасалу ерекшелігіне қарай қазақ тіліне жақын болып келеді. Сонымен қатар бұл дыбыстармен қолданылатын (қазақ, хотон тілдерінде) кейбір сөздердің жазылуында ешқандай дыбыстық, мағыналық айырмашылық жоқ екенін байқауға болады. Бұл хотон тіліндегі жалаң дауыстылар қатарының қазақ тілімен де жақындасатын тұстарын көрсетеді.

Хотон тілін зерттеуші ғалымдар бұл тілдің түркі тілдер тобына жататынын дәлелдеп отыр. Бұл тілдің түркі тілдеріне жақындығын, оның дыбыстық жүйесіндегі ерекшеліктерді салыстыра зерттеу негізінде ғана қол жеткізе аламыз. Хотон тілі жойылып кеткен тілдер қатарына жатса да, оның

калыптасу, даму жолдарын тек осы туыстас тілдермен салыстыра зерттеу барысында саралай аламыз. Сондықтан хотон тілінің дыбыстық жүйесін зерттеу біз үшін өте маңызды болып табылады. Хотон тілінің қалыптасу, даму тарихы түркі тілдерінің тарихымен тығыз байланыста зерттелуі тиіс. Хотон тіліндегі дауыстылар құрамының қазақ тілімен, қырғыз тілімен ұқсастығы бұл тілдің түркі тілімен түбі бір екенін таныта түседі.

Пайдаланылған деректер тізімі

- 1 Тюркологический сборник [Мәтін] – М., 1978. –304-б.
- 2 **Владимирцов, Б. Я.** Турецкий народец хотоны [Мәтін] // Записи Восточного Отделения Императорского Русского Археологического Общества.– Петроград, 1915. – Т. 23. – С. 265–277.
- 3 **Щербак, А. М.** Введение в сравнительное изучение тюрских языков: оқулық [Мәтін]. – СПб., 1994. –192-б.
- 4 **Садыков, Т. С., Токтоналиев, К. Т.** Азыркы қырғыз тили : фонетика жана фонология: монография [Мәтін]. – Бишкек, 2015. –360-б.
- 5 **Садыков, Т.** Азыркы қырғыз тили : фонетика : оқулық [Мәтін]. – Бишкек, 2005. – 120-б.
- 6 **Жапаров, Ш., Сыдыкова, Т.** Азыркы қырғыз тилинин фонетикасы : оқулық [Мәтін]. – Бишкек, 2013. –115-б.
- 7 **Ziv Stern, N.** North Washington, J. A phonetic study of length and duration in Kyrgyz vowels [Мәтін] // Proceedings of the Workshop on Turkic and Languages in Contact with Turkic. – 2019. – Т.4 – Р. 119–131.
- 8 **Жүнісбек, Ә.** Қазақ фонетикасы : оқулық [Мәтін]. – Алматы, 2009. – 312-б.
- 9 **Korn, D.** Types of Labial Vowel Harmony in the Turkic Languages [Мәтін] // Anthropological Linguistics. – 1969. – Т. 11. – №3. – Р. 98–106.
- 10 **Мырзабеков, С.** Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы : оқу құралы [Мәтін]. – Алматы, 2013. – 220-б.

References

- 1 Tyurkologicheskiy sbornik [Turkological collection] [Text]. – Moscow, 1978. – 304 p.
- 2 **Vladimirczov, B. Ya.** Tureczkij narodecz хотоны. [The Turkish people are Hotons] [Text] // Records of the Eastern Branch of the Imperial Russian Archaeological Society. – Petrograd, 1915. – Т. 23. – Р. 265–277.

3 **Sherbak, A. M.** Vvedenie v sravnitelnoe izuchenie türskih iazykov. [Introduction to the comparative study of the Turkic languages] [Text]. – St. Petersburg, 1994. – 192 p.

4 **Sadykov, T. S., Toktonaliev, K. T.** Azyrky kyrgyz tili : fonetika jana fonologija : monografiya. [Azyrki Kyrgyz Tili : phonetics zhana phonology : monograph] [Text]. – Bishkek, 2015. – 360 p.

5 **Sadykov T.** Azyrky kyrgyz tili : fonetika : okulyk [Modern Kyrgyz language : phonetics : book] [Text]. – Bishkek, 2005. – 120 p.

6 **Zhapparov, Sh., Sydykova, T.** Azyrky' kyrgyz tilinin fonetikasy : okulyk. [Phonetics of the modern Kyrgyz language : textbook] [Text]. – Bishkek, 2013. – 115 p.

7 **Ziv Stern, N.** North Washington, J. A phonetic study of length and duration in Kyrgyz vowels [Mətin] // Proceedings of the Workshop on Turkic and Languages in Contact with Turkic. – 2019. – T. 4 – P. 119–131.

8 **Jümsbek, Ä.** Qazaq fonetikasy : oqulyq [Kazakh phonetics : textbook] [Text]. – Almaty, 2009. – 312 p.

9 **Korn, D.** Types of Labial Vowel Harmony in the Turkic Languages [Mətin] // Anthropological Linguistics. – 1969. – T. 11. – №3. – P. 98–106.

10 **Myrzabekov, S.** Qazırgı qazaq tiliniñ fonetikasy : oqu qūraly [Current phonetics of the Kazakh language : educational tool] [Text]. – Almaty', 2013. – 220 p.

02.02.24 ж. баспаға түсті.

30.04.24 ж. түзетулерімен түсті.

03.06.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

**Л. А. Еспекова*

Евразийский национальный университет

им. Л. Н. Гумилева,

Республика Казахстан, г. Астана.

Поступило в редакцию 02.02.24.

Поступило с исправлениями 30.04.24.

Принято в печать 03.06.24.

СОСТАВ ГЛАСНЫХ В ХОТОНСКОМ ЯЗЫКЕ

В статье рассматривается состав гласных в хотонском языке, принадлежащем к тюркскому языку. Хотонский язык относится к группе вымерших языков. Анализируя данные исследователей относительно хотонского языка, выделяет его связь с современными

тюркскими языками, в том числе с казахским и киргизским языками. В ходе анализа наблюдается сохранение элементов, характерных для тюркских народов. В качестве объекта исследования были взяты состав гласных в хотонском языке. Цель работы – проанализировать звуковую систему вымершего хотонского языка, относящегося к группе тюркских языков. Чтобы определить лексические и грамматические особенности любого языка, прежде всего необходимо знать звуковой состав этого языка, способы их формирования и изменения. Только при изучении звуковых изменений мы можем определить внутренние законы языка и связанные с ними отношения. Поэтому при определении особенностей хотонского языка важно определить состав, типы звуков.

В ходе исследования было определено сходство звуковой системы хотонского языка с современными казахским и киргизским языками. Определены особенности простых и долгих гласных в хотонском языке. На материалах казахского и киргизского языков выделены различия, особенности, звуковые соответствия хотонского языка. На основе реальных лингвистических данных проанализированы характер употребления долгих гласных в хотонском языке, способы их появления. Описаны способы образования гласных звуков в хотонском языке.

Ключевые слова: тюркские языки, хотонский язык, казахский язык, киргизский язык, гласные, долгие гласные, краткие гласные

**L. A. Espekova*

L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Republic of Kazakhstan, Astana.

Received 02.02.24.

Received in revised form 30.04.24.

Accepted for publication 03.06.24.

COMPOSITION OF VOWELS IN THE KHOTON LANGUAGE

The article examines the composition of vowels in the Khoton language, which belongs to the Turkic language. Khotonian language belongs to the group of extinct languages. Analyzing the data of researchers regarding the Khoton language, he highlights its connection with modern Turkic languages, including the Kazakh and Kyrgyz languages. During the analysis, the preservation of elements characteristic of the Turkic peoples is observed. The composition of vowels in the Khoton language was taken as the object of study. The purpose of the work is to analyze the

sound system of the extinct Khoton language, which belongs to the group of Turkic languages. To determine the lexical and grammatical features of any language, it is first necessary to know the sound composition of this language, the secrets of their formation and change. Only by studying sound changes can we determine the internal laws of language and the relationships associated with them. Therefore, when determining the features of the Khoton language, it is important to determine the composition and types of sounds.

During the study, the similarity of the sound system of the Khoton language with the modern Kazakh and Kyrgyz languages was determined. The features of simple and long vowels in the Khoton language are determined. Differences, features, and sound correspondences of the Khoton language are highlighted using materials from the Kazakh and Kyrgyz languages. Based on real linguistic data, the nature of the use of long vowels in the Khoton language and the ways of their appearance are analyzed. The methods of formation of vowel sounds in the Khoton language are described.

Keywords: Turkic languages, Khoton language, Kazakh language, Kyrgyz language, vowels, long vowels, short vowels.

Теруге 03.06.2024 ж. жіберілді. Басуға 28.06.2024 ж. қол қойылды.

Электронды басылым

2,57 МБ RAM

Шартты баспа табағы 27,16. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: З. Ж. Шокубаева

Корректор: А. Р. Омарова, Нугманова М. М.

Тапсырыс № 4242

Сдано в набор 03.06.2024 г. Подписано в печать 28.06.2024 г.

Электронное издание

2,57 МБ RAM

Усл. печ. л. 27,16. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: З. Ж. Шокубаева

Корректор: А. Р. Омарова, М. М. Нугманова

Заказ № 4242

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz